23801462885

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 31 наурыз № 4360-26-00-2/381 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы О.И.Абдукаликов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 4 қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

"АВТ" атауымен әрекет етуші Ботакоз Турмагамбетовна Абилова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 4 қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер "АВТ" атауымен әрекет етуші Ботакоз Турмагамбетовна Абилова жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер "АВТ" атауымен әрекет етуші Ботакоз Турмагамбетовна Абилова жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер "АВТ" атауымен әрекет етуші Ботакоз Турмагамбетовна Абилова жеке кәсіпкерінен талап қоюшы "№ 4 қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 2325 (екі мың жиырма бес) теңге, мемлекеттік бажға төленген 69 (алпыс тоғыз) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Абдукаликов О. И., 31.03.2026
Дата вступления в законную силу: 13.05.2026, судья Ешибеков Б. Е., 14.05.2026
4360-26-3-1/384

Жауапкер «"АВТ" атауымен әрекет етуші Ботакоз Турмагамбетовна Абилова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 2 162 (екі мың бір жүз алпыс екі) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **О.И.Абдукаликов**

Документ подписан: Абдукаликов О. И., 31.03.2026

Дата вступления в законную силу: 13.05.2026, судья Елшібеков Б. Е., 14.05.2026

4360-26-3-1/384